




Еркіндік





Философиялық тұрғыдан қарағанда еркіндік ұғымы, үш бөлікте қарастырылады: әрекет еркіндігі мәселесі, таңдау еркіндігі мәселесі және ерік еркіндігі мәселесі. Оның үстіне ерік бостандығы мәселесін зерттеуге, яғни біздің іс-әрекеттеріміз бен қимылдарымыздың соңғы негіздерін зерттеуге баса назар аударылады. Еркіндік ұғымы философияда орталық мәселе болып табылады. Ерік еркіндігін адамның өз іс-әрекеттерінде өзін-өзі анықтауға негізделе отырып түсіндіруге болады. Ерік еркіндігінің проблемасы адам даралығы мен әмбебаптықтың қарым-қатынасы немесе ішінара, болмыстың жалпы тұтастықтан тәуелділігі мәселесіне негізделеді. Нақты еркіндік – адам болмысының шығармашылық және конструктивті жағы, ол саналы ерік-жігерді жүзеге асырады.

Философияда еркіндік – бұл қызмет субъектісіне қатысты сыртқы себептерден тыс қызмет болып табылады. Философиядағы еркіндік ұғымына әртүрлі тұрғыдан қарауға болады. Онтологиялық көзқарас тұрғысынан еркіндік негіз қалаушы, субстанциялық қағидат ретінде қарастырылады. Осылайша түсінілетін еркіндік әлемнің пайда болуын, оның мәнін, әлемдегі адамның орнын анықтайды






Еркіндік мәселесіне гносеологиялық көзқарас шеңберінде адамның өз қызметін сезіну мүмкіндіктері мен шекаралары зерттеледі. Қызмет құралдары мен мақсаттарының арақатынасының мәселесі, мақсат қою алғышарттарының маңыздылығы негізінде талданады. Этикалық-психологиялық тәсіл еркіндікті білдіру бостандығы және басқа адамның еркін басуға немесе оны басқаруға (билік етуге) мүмкіндік ретінде қарастырылады.



Адам ойының антикалық даму кезеңінде еркіндік көбінесе абстрактілікке қарамастан ақыл негізінде адам мен мемлекеттің өмірін құру мүмкіндігі ретінде қарастырылды. Бұл кезең бостандықты қарастырғанда оны түсінудің әртүрлі қағидаттарының үйлесімсіз бірлігін ажыратады.

Ежелгі гректер қажеттіліктен, дәлірек айтқанда, адамның ақыл - ой заңдарына сәйкес әрекет ету мүмкіндігі ретінде түсінілетін еріктен, еркіндікті ерекшеледі. Антикалық түсінік болмыстың әртүрлі деңгейлерінде: космоста, табиғатта және мемлекетте көрініс табатын себептер мен заңдылықты қамтиды



Еркіндік және жауапкершілік

Еркіндік -- адамның немесе жеке ұлттың, халықтың өз мүдделері мен мүмкіндігіне сай әрекет етіп, өз қалауын жүзеге асыруы. Адамдар өз әрекетінің объективті жағдайларын қалауынша таңдап алуға ерікті емес, алайда олар нақтылы және салыстырмалы еркіндікке ие. Ғылыми-техникалық ілгерілеу әрбір адамға, әлеуметтік топқа, тұтас ұлтқа қызмет ете отырып, олардың табиғаттың объективті заңдарын игеруіне, іс жүзінде қолда жәрдемдеседі





Әлем

Әлемдік философияда еркіндік туралы бір-біріне қайшы көзқарастар қалыптасқан. Гегель еркіндікті субъективті рухпен, Фейербах адамның өзінің ерекшелігімен байланыстырса, дін оны адамдардың құдайға құлшылық етуімен, экзистенциалистер адамның психикалық актілерімен байланыстыра қарастырады. К.Маркс еркіндік мәселесін қажеттілікті және заңдылықтарды білумен, оны игерумен байланысты түсіндіреді.

Еркіндік тәуелсіз нышан

Ф.Энгельс өзінің "Анти-Дюринг" атты еңбегінде еркіндік әлдебір нәрседен тәуелсіздік нышаны емес, керісінше, ол адамның жаратылыс күштеріне, қоғамдық қарым-қатынастарға және өз болмысына үстемдігі дейді. Еркіндік -- нақты және салыстырмалы ұғым. Мысалы, адам әр түрлі жағдайларға байланысты еркін болады немесе одан мүлдем айырылады. Ол өмірдің бір саласында өзін еркін сезінгенімен, өзге бір салада оған жете алмауы да мүмкін. Сол секілді жеке адамның және ұлттың еркіндік дәрежесі де әр түрлі.



Жауапкершілік

Жауапкершілік - бұл біреуге жүктелген міндет, ол адам өз әрекетіне, өз кінәсіне оның салдарына есеп бере алатын болуы қажет. Біз әрдайым өз өміріміз бен өзгелер үшін де жауапкершіліктеміз, еркіндік қашанда жауапкершіліксіз өмір сүрмейді, сондықтан олар өзара байланысады.



Жауапкершілік=

адамгершілік

Жауапкершілік - адам бойындағы белгілі бір істі, өзіне тапсырылған міндетті орындап, жүзеге асыруынан байқалатын адамгершілік қасиет; тұлғаның қоғамда немесе ұжымда қабылданған әлеуметтік, өнегелі және құқықтық нормалар мен ережелеріне, борыш сезіміне сәйкес өз қызметін бақылау қабілеттілігі. Өсіп келе жатқан адамда жауапкершілікті тәрбиелеу - қазіргі заман өзекті мақсаты.

Мұғалімнің өзінде де жауапкершілік болғаны жөн. Жауапсыз мұғалім - білім саласындағы енбейтін құбылыс; ата-аналардың өз балалары тәрбиесі үшін жауапкершілігін белгілейтін заңды және өнегелі нормалар.





Адам о баста табиғатпен туылса да, оған берілген еркіндік пен жауапкершілік, оны айналадағы болмысты зерттеп, тануға қызықтырады. Сондықтан бұларды иеленгендер қашанда белсенді позицияда тұрады. Таңдау еркіндігі арқылы әрекеттене отырып, адам тәжірибесін байытады, өзін көрсету мүмкіндігіне ие болады. Олар өз еркімен әрекет етіп, ойлай алатын мүмкіндіктен тұрады.

ТҰЛҒАНЫҢ ӨМІР СҮРУІНІҢ ШАРТТАРЫ

Еркіндік пен жауапкершілік тұлғаның өмір сүруінің шарттары, адамдар өз әрекетінің мақсатын анықтағанда едәуір еркіндікті иеленеді. Еркіндік те, жауапкершілік те абсолютті ұғымдар емес. Еркіндік бізді күреске итермелейді, адамдық қуаныш пен ләззаттан бас тартуға сүйрейді. Қайғыру, тәуекел, жеңіліс арқылы болған еркіндіктің өзі өмірімізді жақсы ете алады, сондықтан оған адам ғана таңдау жасайды. Еркіндік пен жауапкершілік мәселесі өздерінің әлеуметтік мәнінде қоғамдық өмірде, саясатта, заң, басқа да заңды актілерде, өнерде, көркем әдебиетте кең тарағандықтан антропо-логия, саясаттану, заң ғылымдары, психология, мәдениеттану, әлеуметтану, этика, қоғамтану пәндерінің орталық мәселесі ретінде көреміз

Краткий словарь философии права

кітабында жауапкершілікке мынадай анықтама берілген: Жауапкершілік - тұлғаның әлеуметтік ортадан қоғам мен мемлекеттен нормативтік үлгіге сәйкестікті талап ететін этикалық-құқықтық категория. Жауапкершілік ұғымында әлеуметтік нормаларды ұстану үшін моралді-құқықтық санаға шақыратын мәжбүрлік сипат бар. Бұл біздің жоғарыда айтып кеткен анықтамамызға ұқсас болып тұр. Еркіндік пен жауапкершіліктің өзара байланысы адамзат дамуының ажырамас бөлігі, олар материалды игіліктер мен ақпаратқа өзара айырбас жасаумен байланысты.



**Назар
бөлгендеріңізге
рахмет!**

